

Жеке кәсіпкер «Амирхан».
«Инжу+» жеке бөбекжайы
Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы,
Орал қаласы, Қарашығанақ көнесі, 20
телефон: 87477220935

Индивидуальный предприниматель «Амирхан»
частный ясли -сад «Инжу+»
Республика Казахстан, Западно-Казахстанская область,
город Уральск, улица Карачганакская 20
телефон: 87477220935

Бұйрық № 25
27.08.2025 ж.

Приказ № 25
27.08.2025 г.

«Педагогикалық кеңес туралы»

Қазақстан Республикасының ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

- 1.2025-2026 оқу жылына арналған 5 педагогикалық кеңес өткізілсін;
- 2.Педагогикалық кеңес төрайымы міндетін өзіме қалдырамын;
- 3.Педагогикалық кеңес мүшелері болып төмендегі педагогтар тағайындалсын:

Пед.кеңес төрайымы- Ф.Х.Даумова, меңгеруші

Мүшелері: Г.А.Макашалиева- әдіскер

Б.Б.Кабешева- тәрбиеші

З.К.Куанова- тәрбиеші

У.Ж.Сисенгалиева- тәрбиеші

Ж.К.Омарова- қазақ тілі пәні мұғалімі

А.Н.Дуйсенгалиев- музыка жетекшісі

Хатшы: Ә.С.Ахметова- тәрбиеші

Негіз: Қазақстан Республикасының ғылым министрлігінің 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығы.

ЖК «Амирхан». «Инжу+» жеке бөбекжайының меңгерушісі



Ф.Х.Даумова

3	№3 ПК «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау» 1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы 2. «Әжелер мектебі» жобасы – отбасы мен бөбекжай арасында қарым-қатынасты нығайтудың бір жолы 3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу 4. «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ата-аналармен бірлесе жұмыстану»	Дөңгелек үстел Жоспармен таныстыру Шеберлік сынып	ақпан	Менгеруші, әдіскер Тәрбиешілер
---	--	--	-------	--

Педагогикалық кеңес №4

4	«Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту» 1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы. 2. «Ойын технологиялары – мектепке дейінгі білім берудің тиімді құралы» – баяндама. 3«Дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері» –	Шеберлік-сыныптар	Наурыз	Менгеруші, Әдіскер Тәрбиешілер
---	--	-------------------	--------	---

	шеберлік сынып. 4. «Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығы мен танымдық белсенділігін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)». 5. «Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру» – шеберлік сынып.			Меңгеруші
--	---	--	--	-----------

Педагогикалық кеңес №5

5	№5 ПК «Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайту» 1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы. 2. «Қимылды ойындардың бала денсаулығын нығайтудағы маңызы» – баяндама. 3. Педагогтердің қимылды ойындарды ұйымдастыру тәжірибесі. 4. Жазғы сауықтыру кезеңінде қимылды ойындарды ұйымдастыру.	Қорытынды	Мамыр	Меңгеруші Әдіскер
----------	--	-----------	-------	----------------------

№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының жүйелі ұйымдастыру»

Мақсаты: «Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үдерісін жан-жақты ұйымдастыру»

Өткізілген күні: 29 тамыз 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

КҮН ТӘРТІБІ:

1.2025–2026 оқу жылындағы бөбекжайдың тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары туралы

Баяндамашы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

2.2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ нұсқаулық хатымен таныстыру

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

3.Жазғы сауықтыру және шынықтыру іс-шараларының қорытындысы.

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

2025–2026 оқу жылына арналған құжаттарды бекіту:

- Жылдық мақсаттар мен міндеттер
- Үлгілік оқу жоспары
- Ұйымдастырылған оқу қызметтерінің кестесі
- Перспективалық жоспарлар
- Топтардағы күн тәртібі

Баяндамашы: әдіскер Г.А. Макашалиева

1.Аттестациядан өтетін педагогтерді анықтау және бекіту.

Баяндамашы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

2.Педагогикалық тренинг: «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс»

Өткізгендер: әдіскер Г.А. Макашалиева

ТЫҢДАЛДЫ:

1.Меңгеруші Ф.Х. Даумова жаңа оқу жылының негізгі мақсаттары мен міндеттеріне тоқталып, ұйым қызметінің бағыттарын айқындап берді.

2.Әдіскер Г.А. Макашалиева Презентация ретінде дайындап **2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫ МЕН МЕКТЕПАЛДЫ СЫНЫПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ- БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ** нұсқаулық хатымен таныстырып өтті. Педагогтармен талқылады.

1.Жазғы сауықтыру кезеңінде өткізілген іс-шаралар талданып, қатысушылардың белсенділігі мен денсаулығына оң әсері атап өтілді.

Жаңа оқу жылына арналған жылдық жоспардың құрылымы таныстырылып, төмендегі құжаттар бекітілді:

- Жылдық жоспар
- Оқу жоспарлары
- ҰІӘ кестесі
- Перспективалық жоспарлар
- Күн тәртібі

2.2025–2026 оқу жылында аттестациядан өтетін педагогтер тізімі жасақталып, бекітілді.

3.«Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбындағы тренинг қызықты әрі пайдалы түрде өтті. Қатысушылар кәсіби өсу деңгейін анықтап, топтық жұмыстар, жеке рефлексиялар арқылы өз даму жоспарын жасады.

Педагогикалық кеңесте қортындылай келе қаулы етеді:

1.2025–2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру жұмысының негізгі бағыттары мақұлданын.

2.Жаңа оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа сай жұмыстар ұйымдастырылсын.

3.Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытындылары негізінде келесі жаз маусымына ұсыныстар дайындалсын. Жылдық жоспар, оқу жоспарлары, күн тәртібі және барлық құжаттар бір ауыздан бекітілсін.

4.Аттестациядан өтетін педагогтер тізімі бекітілсін, жеке даму жоспарларын жасау тапсырылсын.

5.Педагогикалық тренингті жүйелі түрде әр тоқсанда өткізу ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Ф.Х. Даумова

Хатшы:

Ә.С.Ахметова

№2 педагогикалық кеңес хаттамасы

№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: **«Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдерін ойын арқылы дамыту»**

Мақсаты: 2025–2026 оқу жылының бағытына сай ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық, эмоционалдық және психологиялық қабілеттерін дамытатын, өмір сүру сапасын арттыратын қолайлы инклюзивті орта құру. Ойын технологиялары арқылы қызығушылықты арттырып, қауіпсіз әрі баршаға тең орта қалыптастыруға бағытталған педагогтердің кәсіби ұстанымын нығайту.

Өткізілген күні: 15 қараша 2025 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы
2. «Жасанды интеллект – инклюзивті білім беру құралы»
тәрбиеші Б.Б.Қабешева
3. «Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму
мүмкіндіктері
тәрбиеші У.Ж. Сисенгалиева
4. «Баланың тілін қалай дамытамыз?»
әдіскер Г.А. Макашалиева

Тыңдалды: 1. әдіскер Г.А. Макашалиева: № 1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалды есептелсін деп тоқталып айтып кетті.

2. «Жасанды интеллект – тіл дамыту білім беру құралы»

Баяндамашы: тәрбиеші Б.Б.Қабешева

Мазмұны:

Баяндамада жасанды интеллекттің мүмкіндіктері мен оны тіл дамыту ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде қолданудың тиімді жолдары қарастырылды. Тәрбиеші Umaigra Kids, Talkie AI Avatar, CoSpaces EDU, Quiver Vision секілді платформалар арқылы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың қызығушылығын арттыру тәжірибесін ұсынды.

Сонымен қатар, AI құралдарының көмегімен балалардың логикалық ойлауын, сөйлеу қабілетін және эмоциялық танымын дамыту жолдары көрсетілді.

Нәтижесі: педагогтерге ЖИ технологияларын сабаққа кіріктірудің нақты тәсілдері ұсынылды.

3. «Қолдауға мұқтаж досым»: логопедиялық ойындар арқылы даму мүмкіндіктері»

Баяндамашы: тәрбиеші У.Ж. Сисенғалиева Баяндамада сөйлеу тілі бұзылған және эмоционалды тұрақсыз балалармен жүргізілетін логопедиялық түзету ойындарының маңызы түсіндірілді.

Логопед қатысушыларға артикуляциялық жаттығулар мен фонематикалық естуді дамыту ойындарын (мысалы, «Айт та, қимылда», «Сикырлы айна») тәжірибе жүзінде көрсетті.

Сондай-ақ, топтық қолдау мен ортақ ойын арқылы балалардың өзара достық қарым-қатынасқа үйрену тәсілдері ұсынылды.

Нәтижесі: логопедиялық ойындар ерекше баланың сенімін арттырып, сөйлеу белсенділігін күшейтетіні дәлелденді.

4. «Баланың тілін қалай дамытамыз?»

Әдіскер Г.А. Макашалиева: Құрметті әріптестер! Баланың тілін дамыту – мектепке дейінгі тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. Тіл арқылы бала өз ойын жеткізеді, қоршаған ортаны танып-біледі және қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастырады. Тәрбиеші күнделікті ұйымдастырылған оқу қызметінде, ойын барысында және серуен кезінде балалармен үнемі сөйлесіп, олардың сөздік қорын байытуға жағдай жасауы қажет. Ертегі оқу, такпақ жаттау, жаңылтпаш пен жұмбақ айту, сюжеттік-рөлдік және дидактикалық ойындар баланың тілін дамытудың тиімді әдістері болып табылады. Сонымен қатар, балалардың сұрақтарына жауап беріп, оларды өз ойын толық әрі анық жеткізуге ынталандыру маңызды. Ата-анамен бірлескен жұмыс та тіл дамытуда үлкен рөл атқарады. Қорытындылай келе, баланың тілін дамыту – жүйелі еңбекті талап ететін үздіксіз үдеріс. Тәрбиеші мен ата-ананың бірлескен жұмысы арқылы баланың сөздік қоры молайып, байланыстырып сөйлеу қабілеті қалыптасады.

Педагогикалық кеңесте қортындылай келе қаулы етеді:

1. Педагогикалық кеңесте қабылданған шешімі орындалды деп есептелсін
2. Балалардың тілдерін дамыту жұмыстары кезінде жасанды интеллект қолдансылсын
3. Тәрбиешілер логопедиялық ойындарды өз жұмыстарына қоса жұмыстансын.
4. Балалардың тілін дамыту жұмыстары қарқынды атқарылсын.

Хаттама төрайымы: Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С. Ахметова

№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық: баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Бөбекжай мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметке бейімделуіне, әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Өткізілген күні: ақпан 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Төрайымы: меңгеруші Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С.Ахметова

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы
Әдіскер Г.А. Макашалиева

2. «Әжелер мектебі» жобасы – отбасы мен бөбекжай арасында қарым-қатынасты нығайтудың бір жолы
Тәрбиеші: З.К.Куанова

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар» іс-тәжірибе бөлісу

Тәрбиеші: Г.А.Макашалиева.

4. «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ата-аналармен бірлесе жұмыстану»

Тәрбиеші: З.К.Куанова

1. Тыңдалды: Әдіскер Г.А. Макашалиева: №1 педагогикалық кеңестің шешімі орындалды деп есептелсін.

2. «Әжелер мектебі» жобасы – отбасы мен бөбекжай арасында қарым-қатынасты нығайтудың бір жолы Баяндамашы: тәрбиеші З.К.Куанова

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшада іске асырылып жатқан «Әжелер мектебі» жобасының мақсат-міндеттерімен таныстырды. Жоба аясында әжелер балалармен шеберлік сағаттарына қатысып, бала тәрбиесінде әжелердің өнегелік тәрбиесінің рөлін күшейтуге бағытталған. Әжелерді балабақша өміріне қызығушылығы мен белсенділігі артқаны атап өтілді.

3. «Жас аналармен әлеуметтік-педагогикалық жұмыс жүргізуде ескерілетін жайттар»

Баяндамашы: тәрбиеші Г.А.Макашалиева

Мазмұны:

Баяндамашы балабақшаға алғаш рет баласын әкеліп отырған жас аналармен жүргізілетін әлеуметтік-психологиялық жұмыстың маңызын ашып көрсетті. Баланың бейімделу кезеңін жеңілдету үшін аналарға арналған кеңестер, психологиялық тренингтер, «Ана мен бала сағаты», «Сенімді қарым-қатынас» тақырыбындағы кездесу-сұхбаттар ұйымдастырылған. Жас аналардың ата-аналық мәдениетін қалыптастыру, сенім орнату, бірлесе әрекет ету арқылы балаға қолайлы бейімделу ортасын жасау жолдары баяндалды.


4. «Мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ата-аналармен бірлесе жұмыстану»

Баяндамашы: тәрбиеші З.К.Куанова

Мазмұны: Мектеп жасына дейінгі кезең – баланың тұлғалық қасиеттері мен дүниетанымы қалыптасатын ең маңызды уақыт. Сондықтан ұлттық құндылықтарды бала бойына сіңіру отбасы мен балабақшаның ортақ міндеті болып табылады. Ұлттық құндылықтарға ана тілі, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық ойындар, халық ауыз әдебиеті, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты асыл мұралар жатады. Бұл құндылықтарды балаға үйретуде ата-ананың рөлі ерекше. Балабақшада ата-аналармен бірлесіп ұлттық мерекелер өткізу, ұлттық ойындар ұйымдастыру, қолөнер көрмелері мен шығармашылық жұмыстар жасау, ертегі оқу, мақал-мәтел жаттау сияқты іс-шаралар баланың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырады. Отбасы мен балабақша өзара ынтымақтастықта жұмыс істегенде ғана ұлттық рухы биік, өз елінің мәдениеті мен дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелей аламыз.

Қаулы:

1. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. «Әжелер мектебі» жобасы жалғассын, ата-аналардың белсенділігі арттырылсын.
3. Жас аналармен жұмыс барысында психологиялық қолдау бағытындағы тренингтер жиі өткізілсін.
4. Ұлттық құндылықтарды дәріптеуде ата-аналармен бірлесе жұмыстар жалғасын тапсын

Хаттама төрайымы:  Ф.Х.Даумова

Хатшы:  Ә.С.Ахметова

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Ойын технологиялары арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту»

Мақсаты: Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін және коммуникативтік дағдыларын дамытуда ойын технологияларын тиімді қолдану тәжірибесін жетілдіру.

Өткізілген күні: наурыз, 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібі:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы.
Менгеруші: Ф.Х. Даумова
2. «Ойын технологиялары – мектепке дейінгі білім берудің тиімді құралы» – баяндама.
Әдіскер: Г.А. Макашалиева
3. «Дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері» – шеберлік сынып.
Тәрбиеші: З.К.Куанова
4. «Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығы мен танымдық белсенділігін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)».
Тәрбиеші: Б.Б.Кабешева
5. «Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру» – шеберлік сынып.
Тәрбиеші: У.Ж.Сисенгалиева

Тыңдалды:

1. Менгеруші Ф.Х. Даумова №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді. Ол өткен педагогикалық кеңестің қаулылары толықтай жоспарға сәйкес орындалып жатқанын атап өтті. Балалардың жан-жақты дамуына бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі ұйымдастырылып, педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында әдістемелік жұмыстар жүргізілгені айтылды. Сонымен қатар ата-аналармен серіктестік нығайып, ұйымдастырылған іс-шараларға белсенді қатысқаны атап өтілді.

2. Әдіскер Г.А. Макашалиева «Ойын технологиялары – мектепке дейінгі білім берудің тиімді құралы» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамашы ойынның мектеп жасына дейінгі балалардың жетекші іс-әрекеті екенін атап өтті. Ойын технологияларын жүйелі қолдану арқылы балалардың танымдық қызығушылығы артып, сөйлеу мәдениеті, логикалық ойлауы, шығармашылық қабілеті және өз бетінше шешім қабылдау дағдылары қалыптасатыны айтылды. Сонымен қатар ұйымдастырылған оқу қызметінде дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, кимылды және ұлттық ойындарды тиімді кіріктіру жолдары ұсынылды.
3. Тәрбиеші З.К.Куанова «Дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың тиімді тәсілдері» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сыныбында педагогтерге оқу мақсаттарына сәйкес ойындарды іріктеу, оларды балалардың жас ерекшеліктеріне бейімдеу және қызығушылығын арттыру әдістері көрсетілді. Педагогтер тәжірибелік тапсырмалар орындап, жаңа ойын үлгілерімен танысты.
4. Тәрбиеші Б.Б.Кабешева «Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығы мен танымдық белсенділігін дамыту (мобильді топ тәжірибесі)» тақырыбында іс-тәжірибесімен бөлісті. Баяндамашы мобильді топ жұмысында қолданылатын «Кім жылдам?», «Түсті тап», «Кедергіден өт», «Допты дәлде» сияқты ойындардың балалардың қозғалыс белсенділігін арттырып, ептілік, шапшаңдық, ұйымшылдық қасиеттерін дамытатынын атап өтті.
5. Тәрбиеші У.Ж.Сисенгалиева «Сюжеттік-рөлдік ойындар арқылы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру» тақырыбында шеберлік сынып өткізді. Шеберлік сыныбында «Дүкен», «Дәрігер», «Отбасы», «Балабақша» сияқты сюжеттік-рөлдік ойындарды ұйымдастыру арқылы балалардың өзара қарым-қатынас мәдениетін, сөйлеу белсенділігін және әлеуметтік бейімделуін дамыту жолдары көрсетілді.

Педагогикалық кеңесте қортындылай келе қаулы етеді:

1. №3 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Ойын технологияларын барлық жас топтарында оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізу камтамасыз етілсін.
3. Дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, кимылды және ұлттық ойындарды ұйымдастырылған іс-әрекет барысында тиімді қолдану ұсынылсын.
4. Педагогтердің ойын технологияларын пайдалану бойынша тәжірибе алмасуы мен шеберлік сыныптары тұрақты ұйымдастырылсын.

5. Ата-аналарды балалармен бірлескен ойын әрекеттеріне тарту мақсатында түрлі іс-шаралар жоспарланып өткізілсін.

Төрайымы: Ф.Х. Даумова Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С. Ахметова Ә.С. Ахметова

№5 педагогикалық кеңес хаттамасы

Тақырыбы: «Қимылды ойындар арқылы балалардың денсаулығын нығайту»

Мақсаты: Балалардың денсаулығын сақтау мен нығайтуда қимылды ойындардың тиімділігін талдау, педагогтердің тәжірибесін қорытындылау және алдағы жұмыс бағыттарын белгілеу.

Өткізу түрі: Тәжірибе алмасу, шеберлік сағаты

Өткізілген күні: мамыр, 2026 жыл

Өткізілген орны: бөбекжайдың әдістемелік бөлмесі

Қатысқандар: барлық педагогикалық ұжым

Қатыспағандар: жоқ

Күн тәртібінде:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. «Қимылды ойындардың бала денсаулығын нығайтудағы маңызы» – баяндама.
3. Педагогтердің қимылды ойындарды ұйымдастыру тәжірибесі.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінде қимылды ойындарды ұйымдастыру.

Тыңдалды:

1. Меңгеруші Ф.Х. Даумова №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің толық орындалғанын айтып, ойын технологияларын оқу-тәрбие процесінде тиімді қолдану нәтижелері туралы ақпарат берді.
2. Әдіскер Г.М. Макашалиева қимылды ойындардың балалардың дене дамуына, қозғалыс белсенділігіне, ептілігіне, төзімділігіне және салауатты өмір салтын қалыптастыруға тигізетін оң әсері туралы баяндама жасады.
3. Тәрбиеші З.К.Куанова күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын «Кім жылдам?», «Допты дәлде», «Кедергіден өт», «Ақсерек-көксерек» сияқты қимылды және ұлттық ойындарды өткізу тәжірибесімен бөлісті. Ойындардың балалардың қызығушылығын арттырып, ұжыммен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыратыны айтылды.
4. Әдіскер Г.М. Макашалиева Жазғы сауықтыру кезеңінде таза ауада өткізілетін спорттық эстафеталар, қимылды ойындар, сергіту жаттығулары мен денсаулық күндерін ұйымдастыру жоспары талқыланып, бекітілді.

Педагогикалық кеңесте қортындылай келе қаулы етеді:

1. №4 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қимылды ойындарды күнделікті оқу-тәрбие процесінде жүйелі қолдану жалғастырылсын.
3. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған ұлттық және спорттық ойындардың саны арттырылсын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінде қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып, қимылды ойындар тұрақты ұйымдастырылсын.

Төрайымы: Ф.Х. Даумова Ф.Х. Даумова

Хатшы: Ә.С. Ахметова Ә.С. Ахметова